

ISSN 2664-5157



# Turkic Studies Journal

№1.  
Vol.1  
2019

Nur-Sultan

ISSN 2664-5157

# **Turkic Studies Journal**

**№1 (1) /2019**

2019 жылдан бастап шығады  
Founded in 2019  
Издается с 2019 года

Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019  
Nur-Sultan, 2019  
Нур-Султан, 2019

**Бас редакторы**  
**Ерлан Сыдықов**  
т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары  
Бас редактордың орынбасары

**Шәкір Ибраев, ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)**  
**Ирина Невская, доктор, проф. (Германия)**

*Редакция алқасы*

<b>Гайбулла Бабаяров</b>	т.ғ.д. (Өзбекстан)
<b>Ұлданай Бақтыгереева</b>	ф.ғ.д., проф. (Ресей Федерациясы)
<b>Дмитрий Васильев</b>	т.ғ.д., проф. (Ресей Федерациясы)
<b>Заур Гасанов</b>	PhD (Әзербайжан)
<b>Гюрер Гүлсевин</b>	доктор, проф. (Түркия)
<b>Анна Дыбо</b>	ф.ғ.д., проф. (Ресей Федерациясы)
<b>Мырзатай Жолдасбеков</b>	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Дания Загидуллина</b>	ф.ғ.д., проф. (Татарстан, Ресей Федерациясы)
<b>Зимони Иштван</b>	доктор, проф. (Венгрия)
<b>Болат Көмеков</b>	т.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Игорь Кызласов</b>	т.ғ.д., проф. (Ресей Федерациясы)
<b>Дихан Қамзабекұлы</b>	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Сейіт Қасқабасов</b>	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
<b>Ласло Мараш</b>	PhD (Нидерланд)
<b>Мария Иванич</b>	доктор, проф. (Венгрия)
<b>Мехмет Олмез</b>	доктор, проф. (Түркия)
<b>Рейхл Карл</b>	доктор, проф. (Германия)
<b>Зайнолла Самашев</b>	т.ғ.д. (Қазақстан)
<b>Қаржаубай Сартқожа</b>	ф.ғ.д. (Қазақстан)
<b>Айрат Ситдиқов</b>	т.ғ.д., проф. (Татарстан, Ресей Федерациясы)
<b>Фирдаус Хисамитдинова</b>	ф.ғ.д., проф. (Башқұртстан, Ресей Федерациясы)
<b>Нурила Шаймердинова</b>	ф.ғ.д., проф., жауапты хатшы (Қазақстан)
<b>Амантай Шәріп</b>	ф.ғ.д., проф., жауапты хатшы (Қазақстан)
<b>Альфия Юсупова</b>	ф.ғ.д., проф.. (Татарстан, Ресей Федерациясы)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2.  
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-434). E-mail: turkicjournal@gmail.com, web-site: tsj.enu.kz

**Turkic Studies Journal**

Меншіктенуші: ҚР БҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген.

28.03.19 ж. № 17636-Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-434)

**Editor-in-Chief**  
**Yerlan Sydykov**  
**Doctor of Historical Sciences, Prof., Academician of NAS RK (Kazakhstan)**

Deputy Editor-in-Chief  
Deputy Editor-in-Chief

**Shakir Ibrayev, Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)**  
**Irina Nevskaya, Dr., Prof. (Germany)**

*Editorial board*

<b>Gaybulla Babayarov</b>	Doctor of Historical Sciences (Uzbekistan)
<b>Uldanai Bakhtikireeva</b>	Doctor of Philology, Prof. (Russian Federation)
<b>Dmitriy Vasiliev</b>	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Russian Federation)
<b>Zaur Gasanov</b>	PhD (Azerbaijan)
<b>Gurer Gulsevin</b>	Dr., Prof. (Turkey)
<b>Anna Dybo</b>	Doctor of Philology, Prof. (Russian Federation)
<b>Myrzatay Zholdasbekov</b>	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
<b>Daniya Zagidullina</b>	Doctor of Philology, Prof. (Tatarstan, Russian Federation)
<b>Zimoniy Istvan</b>	Dr., Prof. (Hungary)
<b>Bolat Kumekov</b>	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
<b>Igor Kyzlasov</b>	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Russian Federation)
<b>Dikhan Kamzabekuly</b>	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
<b>Seit Kaskabasov</b>	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
<b>Laszlo Maracz</b>	PhD (Netherlands)
<b>Maria Ivanics</b>	Dr., Prof. (Hungary)
<b>Mehmet Olmez</b>	Dr., Prof. (Turkey)
<b>Karl Reichl</b>	Dr., Prof. (Germany)
<b>Zainulla Samashev</b>	Doctor of Historical Sciences (Kazakhstan)
<b>Karzhaubay Sartkozha</b>	Doctor of Philology (Kazakhstan)
<b>Ayrat Sitdikov</b>	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Tatarstan, Russian Federation)
<b>Firdaus Hisamitdinova</b>	Doctor of Philology, Prof. (Bashkortostan, Russian Federation)
<b>Nurila Shaimerdinova</b>	Doctor of Philology, Prof., executive secretary (Kazakhstan)
<b>Sharip Amantay</b>	Doctor of Philology, Prof., executive secretary (Kazakhstan)
<b>Alfiya Yusupova</b>	Doctor of Philology, Prof. (Tatarstan, Russian Federation)

Editorial address: 010008, Kazakhstan, Nur-Sultan city, Satpayev str. 2.

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-434). E-mail: [turkicjournal@gmail.com](mailto:turkicjournal@gmail.com), web-site: [tsj.enu.kz](http://tsj.enu.kz)

**Turkic Studies Journal**

**Owner:** Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan

Registration number № 17636-Ж, from 28.03.19

Periodicity: 4 times a year

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008;

tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31-434)

**Главный редактор**  
**Ерлан Сыдыков**  
д.ист.н, проф., академик НАН РК (Казахстан)

Зам.главного редактора  
Зам.главного редактора

**Шакир Ибраев, д.ф.н., проф. (Казахстан)**  
**Ирина Невская, доктор, проф. (Германия)**

*Редакционная коллегия*

<b>Гайбулла Бабаяров</b>	д.ист.н. (Узбекистан)
<b>Улданай Бактыгереева</b>	д.ф.н., проф. (Российская Федерация)
<b>Дмитрий Васильев</b>	д.ист.н., проф. (Российская Федерация)
<b>Заур Гасанов</b>	PhD (Азербайджан)
<b>Гюрер Гюльсевин</b>	доктор, проф. (Турция)
<b>Анна Дыбо</b>	д.ф.н., проф. (Российская Федерация)
<b>Мырзатай Жолдасбеков</b>	д.ф.н., проф. (Казахстан)
<b>Дания Загидуллина</b>	д.ф.н., проф. (Татарстан, РФ)
<b>Зимони Иштван</b>	доктор, проф. (Венгрия)
<b>Булат Кумеков</b>	д.ист.н., проф. (Казахстан)
<b>Игорь Кызласов</b>	д.ист.н., проф. (Российская Федерация)
<b>Дихан Камзабекулы</b>	д.ф.н., проф. (Казахстан)
<b>Сейт Каскабасов</b>	д.ф.н., проф. (Казахстан)
<b>Ласло Мараш</b>	PhD (Нидерланды)
<b>Мария Иванич</b>	доктор, проф. (Венгрия)
<b>Мехмет Олмез</b>	доктор, проф. (Турция)
<b>Рейхл Карл</b>	доктор, проф. (Германия)
<b>Зайнолла Самашев</b>	д.ист.н (Казахстан)
<b>Каржаубай Сарткожа</b>	д.ф.н. (Казахстан)
<b>Айрат Ситдинов</b>	д.ист.н., проф (Татарстан, РФ)
<b>Фирдаус Хисамитдинова</b>	д.ф.н., проф. (Башкортостан, РФ)
<b>Нурила Шаймердинова</b>	д.ф.н., проф., отв.секретарь (Казахстан)
<b>Амантай Шарип</b>	д.ф.н., проф., отв.секретарь (Казахстан)
<b>Альфия Юсупова</b>	д.ф.н., проф. (Татарстан, РФ)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2  
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-434). E-mail: turkicjournal@gmail.com, web-site: tsj.enu.kz

**Turkic Studies Journal**

**Собственник:** РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»  
МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан  
Регистрационное свидетельство № 17636-Ж от 28.03.2019

Периодичность: 4 раза в год

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1,  
тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-434)

## МАЗМҰНЫ/ CONTENT/ СОДЕРЖАНИЕ

<i>Y.Sydykov Preface/</i>	
<i>Е.Сыдықов Алғы сөз/</i>	6
<i>Е.Сыдықов Вступительное слово.....</i>	
<i>G.Babayarov</i> Coins of the Western Turkic Qaghanate with a title “Tardu-Qaghan”.....	12
<i>K.Barat</i> Historical and geographical research of the Turkic toponym «Otukan»/	25
<i>Қ.Барат</i> Түркі топонимі «Өтүкен» туралы тарихи-географиялық зерттеулер .....	
<i>Z.Samashev</i> On the formation of the early Saka cultural complex in East Kazakhstan/	37
<i>З.Самашев</i> К вопросу о формировании раннесакского культурного комплекса в Восточном Казахстане.....	
<i>I.Selyutina</i> Teleut language: articulatory patterns of mediolingual consonants/	61
<i>И.Селютин</i> Язык телеутов: артикуляторные паттерны среднеязычных согласных.....	
<i>N.Shaimerdinova</i> «Kyrgyz-Russian dictionary» of 1897: cultural and linguistic explications/	73
<i>Н.Шаймердинова</i> «Киргизско-русский словарь» (1897): культурные и языковые экспликации.....	

## ЕСІМНАМА/ PERSONALIA/ ПЕРСОНАЛИИ

<i>E.Kazhybek, M.Zhamal</i> Scientific personality of academy A. T. Kaidar/	
<i>Е.Қажыбек, Ж.Манкеева</i> Академик Ә.Т. Қайдардың ғалымдық тұлғасы.....	89
<i>I.Nevskaya</i> For the anniversary of Anna Vladimirovna Dybo/	94
<i>И.Невская</i> К юбилею Анны Владимировны Дыбо.....	

## СЫН ШҚІРЛЕП/ REVIEWS/ РЕЦЕНЗИИ

<i>A.Kairzhanov</i> Review to the monograph Turkology: History of global turkology.-Collective monography/ under ed. of Sh.I.Ibrayev, K.I.Kelimbetov/	99
<i>А.Қаиржанов</i> Рецензия к монографии тюркология: история всемирной тюркологии – коллективная монография /Под ред. Ш.И. Ибраева, К.И. Келимбетова.....	

---

---

## **Dear colleagues and readers!**

Modern turkology, developing on the basis of classical turkological science, has passed its historical path of development and has accumulated a great experience of theoretical and empirical knowledge.

In today's globally changing world the tasks of Turkological science have changed significantly in the formation of new paradigm of scientific research, in the use of new methodologies, including information and digital technologies, for the study of already discovered and newly discovered Turkic written monuments. Moreover, modern turkology has expanded the field of scientific research: its historical and philological direction has acquired integrative character and has become the object of interaction between philological, historical, cultural, archeological, ethnographic, anthropological, philosophical, theological and other sciences.

L.N. Gumilyov Eurasian National University in accordance with mission in the field of education and science of the Republic of Kazakhstan carries out systemic activities in the development of turkology. It is only in Kazakhstan that the name of the outstanding turkologist L.N. Gumilyov was assigned to the Eurasian National University; the research cabinet of Lev Nikolayevich was opened at the university in honor of the 100th anniversary of the scientist; there is also a sculpture composition devoted to the scientist in his square.

In the main atrium of the university a copy of the monument Kul-tegin, a symbol of ancient Turkic civilization, writing and culture were installed by the decision of the Government of the Republic of Kazakhstan in 2000 and with the assistance of the Government of Japan. Near the monument there is an active museum of Turkic writing where interesting excursions and classes of turkology students are held. Nowadays, Kul-tegin monument and the Museum of Turkic writing have become the university's visit card.

Since 2010, Turkology department which carries out a lot of educational, scientific and international activities, has been opened in ENU named after L. Gumileva. The University has trained new generation of turkologists in all three levels of education - bachelor's, master's and doctoral degrees. Since 2013, the first graduation of doctoral PhDs, ten dissertations have been defended and approved by the Committee in the field of education and science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, 10 people of the department received the degree of PhD in the major of Turkology – it is a unique situation as nowhere in the world training of PhDs is carried, except the Republic of Kazakhstan.

In a fairly short period of time department of turkology managed to develop extensive international connections with turkological scientific centers, institutes and departments in Germany, Hungary, Italy, Mongolia, USA, France, Russia and its subobjects such as Tatarstan, Bashkortostan, Hakassia, Tyva and Altai. The University and the Department of Turkology actively cooperate with the countries of the Turkic world (Turkey, Azerbaijan, Uzbekistan, etc.). As a part of international cooperation, turkology students take academic mobility, master's and doctoral students undergo scientific internships, academic staff gives master classes and lectures in the near and far abroad.

The strong staff potential of the university and the department, which is engaged into turkological researches, develops grant republican and international projects, based on the results of which a majority of solid monographs, atlases and books has been published as facts of scientific achievement of Turkological science in Kazakhstan; dozens of articles have been being posted on the basis of international rating journals like Web of Science and Scopus.

In the context of the strategic documents of the President and Government of the Republic of Kazakhstan, it has been decided in ENU to publish the «Turkic Studies Journal» in the future aimed to get status of international journal. The editorial board of the journal involved scientists

---

---

known abroad and in Kazakhstan.

The journal contains following thematic categories: «History», «Ethnography», «Monuments of writing», «Linguistic turkology», «Folklore and literature», «Personalities», «Review» in which articles are published and which are devoted to the study of material and spiritual culture, language and literature, history and social and economic life of Turkic peoples.

I hope that the new journal will make a worthy contribution to the development of turkology and I encourage everyone to take part in it.

**Editor-in-Chief**

**Yerlan Sydykov**



---

---

## Құрметті әріптестер мен оқырмандар!

Қазіргі түркітану классикалық түркітану ғылымының негізінде ілгерілей отырып, өзіндік тарихи даму жолдарынан өтті және өте бай теориялық әрі эмпирикалық мағлұмат жинақтады.

Бүгінгі жаһандық деңгейдегі өзгермелі әлем жағдайында түркітану ғылымының алдында тұрған ғылыми зерттеулердің жаңа парадигмасын қалыптастыру, жаңа методологияларды, оның ішінде ашылған және жаңадан ашылып жатқан түркі жазба ескерткіштерін зерттеу үшін ақпараттық және сандық технологияларды пайдалану міндеттері түбегейлі өзгерді.

Мұның үстіне, қазіргі түркітану өзінің ғылыми зерттеулер аясын кеңейтті: оның тарихи-филологиялық бағыты интегративті сипатқа ие болып, филологиялық, тарихи-мәдени, археологиялық, этнографиялық, антропологиялық, философиялық-теологиялық және басқа ғылымдардың өзара ықпалдасу нысанына айналды.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті өзінің білім мен ғылым саласындағы миссиясына сәйкес түркітануды дамытуда жүйелі қызмет атқарып келеді. Тек Қазақстанда ғана көрнекті түркітанушы Л.Н.Гумилевтің есімі Еуразия ұлттық университетіне берілген, 100-жылдық мерейтойына байланысты университетте Лев Николаевичтің зерттеу кабинеті ашылды, ал оның саябағында ғалымның мүсіндік композициясы қойылды.

2000 жылы ҚР Үкіметінің шешімі бойынша және Жапония үкіметінің қолдауымен университеттің бас атриумында көне түркі өркениеті, жазуы мен мәдениетінің символы ретінде Күлтегін ескерткішінің көшірмесі орнатылды. Ескерткіштің жанында түркі жазуы музейі белсенді қызмет жүргізіп, онда қызықты экскурсиялар мен түркітану бойынша білім алатын шәкірттердің сабақтары өткізіледі. Қазіргі кезде Күлтегін ескерткіші мен түркі жазуы музейі университеттің бетке ұстар мақтанышына айналды.

Университетте 2000 жылы ашылған түркітану кафедрасы білім, ғылым саласында және халықаралық ауқымда үлкен жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Университет оқытудың барлық үш – бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде жаңа буын түркітанушыларды даярлап шығарды. PhD докторанттардың алғашқы шығарылымы болған 2013 жылдан бері он докторлық диссертация қорғалып, оны ҚР БҒМ Білім мен ғылым саласындағы комитеті бекітті. Кафедраның 10 мүшесі түркітану мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін алды, бұл – айрықша жағдай, өйткені Қазақстан Республикасынан басқа, әлемнің бірде-бір елінде түркітану мамандығы бойынша PhD докторларын даярлау жүзеге асырылмайды.

Аз ғана уақыт ішінде түркітану кафедрасы Германияның, Венгрияның, Италияның, Моңғолияның, АҚШ-тың, Францияның, Ресейдің және оның Татарстан, Башқұртстан, Хакасия, Тыва мен Алтай секілді субъектілерінің түркітану ғылыми орталықтарымен, институттарымен және кафедраларымен халықаралық кең ауқымдағы байланыстар орнатты. Білім алып жатқан түркітанушылар халықаралық ынтымақтастық аясында академиялық ұтқырлықты жүзеге асырса, магистранттар мен докторанттар ғылыми тағылымдамалардан өтеді, ал профессор-оқытушылар құрамы алыс және жақын шетелдерде шеберлік сабақтарын беріп, дәрістер оқиды.

Университет пен түркітанулық зерттеулермен айналысатын түркітану кафедрасының зор кадрлық әлеуеті республикалық және халықаралық гранттық жобаларды іске асыруға мүмкіндік беріп, олардың нәтижелері бойынша Қазақстандағы түркітану ғылымы жетістіктерінің айғақтары ретінде көптеген іргелі монографиялар, атластар мен кітаптар, жарық көрді, сондай-ақ халықаралық рейтингті журналдардың Web of Science және Scopus базасына енгізілген ондаған мақалалар жазылды.

Президент пен Қазақстан Үкіметінің бағдарламалық құжаттары аясында Л.Н.Гумилев

---

---

атындағы Еуразия ұлттық университеті болашақта рейтингті халықаралық журнал мәртебесін көздеген “Turkic Studies Journal” журналын шығару жөнінде шешім қабылдады. Журналдың редакциялық құрамына шет елдерде және Қазақстанда белгілі ғалымдар тартылды.

Журналдың «Тарих», «Этнография», «Жазба ескерткіштер», «Лингвистикалық түркітану», «Фольклор және әдебиет», «Есімнама», «Рецензиялар» тақырыптық айдарларының аясында түркі халықтарының материалдық және рухани мәдениетін, тілі мен әдебиетін, тарихы мен қоғамдық-экономикалық өмірін зерттеуге арналған мақалалар жарық көреді.

Жаңа журнал түркітанудың дамуына лайықты үлес қосады деген сенімдемін және баршаңызды соған атсалысуға шақырамын.

**Бас редактор**

**Ерлан Сыдықов**

## Уважаемые коллеги и читатели!

Современная тюркология, развиваясь на базе классической тюркологической науки, прошла свой исторический путь развития и накопила богатейший опыт теоретических и эмпирических знаний.

В условиях современного глобально изменяющегося мира существенно меняются задачи тюркологической науки в формировании новых парадигм научных исследований, в использовании новых методологий, в т.ч. информационных и цифровых технологий, для изучения уже открытых и вновь открывающихся тюркских письменных памятников. Более того, современная тюркология расширила область научных исследований: ее историко-филологическое направление приобрело интегративный характер и стало объектом взаимодействия филологической, историко-культурной, архелогической, этнографической, антропологической, философско-теологической и других наук.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева в соответствии со своей миссией в области образования и науки Республики Казахстан осуществляет системную деятельность в развитии тюркологии. Только в Казахстане имя выдающегося тюрколога Л.Н.Гумилева присвоено Евразийскому национальному университету, и в честь 100-летнего юбилея в университете открыт исследовательский кабинет Льва Николаевича, а в его сквере поставлена скульптурная композиция ученому.

В главном атриуме университета по решению Правительства РК в 2000 году и при содействии Правительства Японии установлена копия памятника Кюль-тегин как символа древнетюркской цивилизации, письменности и культуры. Рядом с памятником активно функционирует музей тюркской письменности, где проводятся интересные экскурсии и ведутся занятия тюркологов. В настоящее время памятник Кюль-тегина и музей тюркской письменности стали визитной карточкой университета.

С 2010 года в ЕНУ им. Л.Н. Гумилева открыта кафедра тюркологии, которая осуществляет большую образовательную, научную и международную деятельность. Университет готовит тюркологов нового поколения по всем трем уровням образования: бакалавриату, магистратуре и докторантуре. С 2013 года, первого выпуска докторантов PhD, защищены и утверждены Комитетом в сфере образования и науки МОН РК десять диссертаций, 10 человек кафедры получили ученую степень доктора PhD по специальности тюркология – уникальная ситуация, поскольку нигде в мире, кроме Республики Казахстан, не осуществляется подготовка докторов PhD по специальности тюркология.

За сравнительно короткий срок кафедре тюркологии удалось развить обширные международные связи с тюркологическими научными Центрами, Институтами и кафедрами Германии, Венгрии, Италии, Монголии, США, Франции, России и ее субъектов таких, как Татарстан, Башкортостан, Хакасия, Тыва и Алтай. Активно сотрудничают университет и кафедра тюркологии со странами тюркского мира (Турция, Азербайджан, Узбекистан и др). В рамках международного сотрудничества студенты - тюркологи осуществляют академическую мобильность, магистранты и докторанты проходят научные стажировки, профессора и преподаватели дают мастер-классы и читают лекции в ближнем и дальнем зарубежье.

Известные ученые университета, занимающиеся тюркологическими исследованиями, разрабатывают грантовые республиканские и международные проекты, по результатам которых опубликованы солидные монографии, Атласы и книги, как факты научного достижения тюркологической науки Казахстана, а также написаны десятки статей, размещенные в базе данных международных рейтинговых журналов Web of Science и Scopus.

В контексте программных стратегических документов Президента и Правительства

Республики Казахстан в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева было принято решение об издании журнала “Turkic Studies Journal”, в перспективе нацеленного на статус рейтингового международного журнала. В состав редакционной коллегии журнала привлечены ученые, известные за рубежом и в Казахстане.

Журнал содержит тематические рубрики: «История», «Этнография», «Памятники письменности», «Лингвистическая тюркология», «Фольклор и литература», «Персоналии», «Рецензирование», в которых публикуются статьи, посвященные изучению материальной и духовной культуры, языка и литературы, истории и общественно-экономической жизни тюркских народов.

Надеюсь, что новый журнал внесет достойный вклад в развитие тюркологии и призываю всех принять участие в нем.

**Главный редактор**

**Ерлан Сыдыков**

**Scientific personality of academy A. T. Kaidar**

Академик Ә.Т. Қайдардың ғалымдық тұлғасы



**Erden Kazhybek**

Director of the Institute of Linguistics named after  
A.Baitursynov, Doctor of Philology  
Almaty, Kazakhstan  
E-mail: ek@inturcology.org

**Ерден Қажыбек**

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі  
институтының директоры, ф.ғ.д., ҚР ҰҒА мүше-  
корреспонденті, Алматы, Қазақстан  
E-mail: ek@inturcology.org

**Zhamal Mankeeva**

Chief Research Officer of Lexicology Department  
Doctor of Philology, Professor  
Almaty, Kazakhstan  
E-mail: moldirka\_9515@mail.ru

**Жамал Манкеева**

Лексикология бөлімінің бас ғылыми қызметкері,  
ф.ғ.д., профессор  
Алматы, Қазақстан  
E-mail: moldirka\_9515@mail.ru

DOI:<https://doi.org/10.32523/tsj.01-2019/6-6>

Тіл қазынасын ұлт болмысымен сабақтас зерттеуді ғалымдық мұраты, бар саналы ғұмырының темірқазығы ретінде белгілеген академик Ә.Қайдардың тұлғалық болмысы қазақтың зиялы қауымына жақсы таныс. Атап айтқанда, қазақ тіл білімінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері (1971), Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1982), Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (1983), Түркияның «Türk Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті (академик) мүшесі (1989), Башқұртстан ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі (1991), ҚР Президенті жанындағы ішкі саясат комитетінің мүшесі (1995), Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті (2004), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры (1978-1995).

Қазіргі кезең қазақ қоғамы мен мемлекетінің рухани-мәдени дамуының жаңа деңгейімен, адамдар арасындағы қатынастардың жаһандануға бет алған заманауи сипатымен ерекшеленетіні белгілі. Осымен байланысты ардақты ұстазымыздың өзіміз куә болған, тәнті болып, өнегелі өмірі қазіргі күрделі замандағы кей сәттерде қадірі кетіп қалғандай көрінетін ғылымға адалдықтың, адамгершіліктің, елге, ана тіліне қызмет етудің үлгісіндей.

Олай болса, бүгінгі күнде қоғамның-рухани мәні өзектелген, еңбектерінде тілді тарихтың дерегі, тәрбиенің тамыры, мәдениеттің мәйегі деп анықтаған, қазақ лингвистикалық ойын жаңа да кәсіби сапалық деңгейге көтерген академик Ә.Қайдардың тұлғасының ұлықталуы заңдылық болса, ғылыми мұрасының танылуы – қажеттілік. Ол – қазіргі қоғамдағы рухани-

әлеуметтік жаңғыру бағытындағы іс-әрекеттермен үндес аса маңызды танымдық шара.

Қазақстанның қоғамдық-әлеуметтік контекстінде күрмеуі шешіле алмай жатқан талай күрделі мәселелердің түйіні тілге келіп тіреліп отырғаны кездейсоқтық, я науқандық жағдаят емес. Сондықтан қазіргі қоғамның мүдде-талаптарына сай ұлттың тұғыры мен тірегі тілінде екенін дәлелдеп, «тіл – ұлтты ұйытып, тұтастыратын арқау», «елдің тарихы мен мәдениетін, таным-тәжірибесін сақтаған қазына», «елдік мұрат-мүддесін көрсететін ұлттық рух» деген ұлт көсемдерінің идеяларын келесі ұрпақ зердесіне құйып, жалғастырушы академик Ә.Т.Қайдар бастаған қазақ тіл білімінің көшбасшы ғалымдар зерттеулерінің маңызы ерекше.

Қазақ руханиятының ғылыми әлемінде ғұлама ғалымның еңбектерінің мазмұны талданып, тұжырымдары сарапталып, ғалымдық тұлғасы мен мәртебесі жан-жақты бағаланғанымен, әлі де толықтыратын, қыры мен сыры ашылмаған тұстары баршылық. Сөз жоқ, академик, қоғам қайраткері, еңбек және соғыс ардагері, тіл майданының қолбасшысы, қазақ тіл білімінің абызы т.с.с. алуан түрлі атақтар, шын мәнінде, ғұлама ғалым, ғибратты ұстаз, ардақты қазақ азаматы Ә.Қайдардың тұлғасын ашып, болмысын сипаттайтын шынайы да бейнелі сөздер.

Дегенмен, академик Ә.Қайдардың қазақ руханиятындағы тұлғалық болмысын айғақтайтын ғылыми-танымдық мұрасын, оның жарық көрген барша зерттеулерінің жалпы түркітану әлеміндегі, соның ішінде қазақ және ұйғыр тіл біліміне қосқан үлесі мен өзіндік өрнегін нақты түрде былайша көрсетуге болады: 1) лексикология, 2) диалектология, 3) этнолингвистика, 4) тіл құрылысы, 5) түркітану және алтаистика, 6) ғылым тарихы, 7) тіл саясаты, 8) лингвистиканың сөзтану, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразеология, т.б. салаларынан туындайтын проблемалық тақырыптар.

Осылардың ішінде академик Ә.Т. Қайдардың түбір сөз проблемасына арналған «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (Алма-Ата, 1986.) атты еңбегі – түркология әлемінде ғалымдардың назарын бірден өзіне аударған зерттеу. Аталған еңбек қазақ тіл білімінде ғана емес, сонымен қатар жалпы түркітану әлемінде өз бағасын алғаны белгілі. Бұл еңбегінің жазылуын ғалым түркітануда бұрыннан сөз болып жүрген үлкен екі бағдарламаның іске асуының ғылыми «беташары» ретінде жоспарланған еді. Олар: 1) «Түркі тілдері бір буынды түбірлерінің корпусы» деп аталатын іргелі еңбек. 2) Соның негізінде жасалуға тиісті «Қазақ тілінің бір буынды және екі буынды этимологиялық сөздігі».

Осы еңбектің негізінде ғалым: «Бір буынды түбірлер мен негіздер – қазақ тілінің, сондай-ақ барлық түркі тілдерінің байырғы сөздік қорының ұйытқысы, негізгі өзегі» деген пікірді ұсына отырып, халықтық, ұлттық тілдердің шығу көзін құрайтын түбір сөздер дербес лексикалық бірліктер болып табылатындығына басты назар аударады. Алғашқы түбіртекстің құрамы мен құрылысын айқындау арқылы ғалым түркі тілдерінің тамырын, тілдік қарым-қатынасқа ұйытқы болатын сөздің түп-төркінін ғылыми негізде талдайды.

Сондай-ақ, Ә.Қайдар қазақ тілі фактілеріне сүйене отырып, жалпы түркі түбірі проблемасына қатысты көптеген ғылыми мәні зор мәселелерді көтеріп, олар туралы өз пікір-тұжырымдарын ортаға салады. Соның ішінде «бір буынды түбірлердің үш өлшемді (фоно-морфо-семантикалық) тұлғасында мағына өлшемі де аса маңызды фактор екендігіне байланысты автор мағына эволюциясын үш (өткен, қазіргі, келешек) уақытқа бірдей қатысты динамикалық процесс» деп бағалауының мәні ерекше.

Жалпы, әр уақытта да қоғамдық-тарихи, әлеуметтік-мәдени даму барысы сол кезеңге сай ғылыми ой даму үрдісін қалыптастыратыны белгілі.

Бұл заңдылық бүгінгі таңда қазіргі тілді зерттеудегі адамтану бағыты мен тұтастану сипатына орай концептуалдану үрдісінен туындайтын заманауи заңдылыққа сәйкеседі. Сол мазмұнға сай қазақ тілінің қазынасын Қайдаровша зерттеудің ғылыми қазықтарын тіл әлемі, тіл тамыршысы, індетте зерттеу ұғымдары белгілейді.

Академик Ә.Қайдар өзінің «Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы (тіл әлемі) арқылы ғана жан-жақты танып-білуге болады» деген тұжырымын былайша таратып түсіндіреді: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін».

Демек, тіл әлемі дегеніміз Ә.Қайдардың түсіндіруінде этнос болмысын құрайтын, түсіндіретін мол тілдік деректер мен тарихи-мәдени, этнографиялық, мифологиялық, сакралды, ономастикалық, диалектологиялық, символдық, фольклорлық, т.б. мағлұматтар, ал соларды өз бойына сиғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей тілдің құрылымдық жүйесінде келесі ұрпаққа жеткізген тіл құдыреті ғалым зерттеулерінің өзегін құрайтын – тілдің мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі.

Сондықтан ғалым Ахаң дәстүрімен осы көрсетілген тіл әлемінің ұшан-теңіз байлығын тек түгендеп, санамалап қана қоймай, «сөз мұхитының түбіне терең бойлап, оның сан ғасырлар бойы сақтап келе жатқан сырын ашу үшін тіл тамыршысы болу керек» деп санайды. Яғни әрбір сөздің «үстіңгі қабатында» көрінетін лексикалық мағынасын ғана емес, тарихи-мәдени, кәсіби, әлеуметтік т.б. мағыналарының астарында жатқан кешенді деректі тамыршыдай тап басып, танып білу зерттеушінің бұлжымас қағидасы болуы тиіс.

Ғалым тіл әлемі ұғымын тілдегі ұлт болмысына қатысты дерек-мағлұматтардың сандық жағына емес, солардың мазмұнын ашатын ұлт тұрмысының сан саласында (кәсіби, әлеуметтік т.б.) қолданылатын амалдарына, әдіс-тәсілдеріне де назар аударумен байланысты түсіндіреді. Шын мәнінде, індетте зерттеу – аңшылар қолданатын әдіс. Ғалым оны шартты түрде «шеті көрініп тұрған, я ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнауларынан іздеп тауып, түп-тамырымен қопарып, түбегейлі айқындауға тырысу» деп анықтайды. Мысалы, қазақ танымына сай «көзді» сипаттайтын тілдік атаулар: бота көз, қарақат көз, құралай көз, қой көз, сиыр көз, жапалақ көз, тышқан көз, жылан көз, қызыл көз, қара көз т.б.

Академик Ә.Қайдардың қазақ тіл білімінде қалыптастырған тіл арқылы ұлт болмысын танытатын ғылыми мектебінің терең мазмұны, азаматтық-тұлғалық ұстанымдарының тұғырын белгілейтін тұжырымдамасының негізі мынадай еңбектерінде жан-жақты айқындалған: этимология (Сөз төркіні, тіл сыры // Ғылымдағы ғұмыр 6-т.), **ономастика** (Қаңлы: тарихи шежіре, 2003), паремиология (Халық даналығы, 2004), этнология (Қазақ қандай халық?, 2008), этнолингвистика («Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздік, 2009-2013) т.б.

Қоғамдық-әлеуметтік сұранысқа ие танымдық-ақпараттық құрал ретінде тіл әлемінің құдыреті мен қазынасын, құндылығын кешенді сипатта, сол тілді тұтынушы ұлт өкілінің (қазақтың) болмысымен, тарихымен, тұрмысымен, әлеуметтік қызметімен бір тұтастықта қарастырған академик Ә.Т. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты үш томдық этнолингвистикалық еңбегі қазақ тіл білімі шеңберінен шығып, қазақтану аясындағы кешенді танымдық-ақпараттық қазынаға айналды. Бұл еңбектің арқауын құрайтын қазақ этнолингвистикасы – бүгінде жаңа ғылыми бағыттан жеке ғылым саласына айналған дербес пән. Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік бағдарламасымен үндесетін «Этнолингвистика» пәні еліміздің жоғарғы оқу орындарының филология факультеттерінде оқытылып келеді. Пәннің оқу-әдістемелік кешенін, типтік-оқу бағдарлама-

сын жасауда ғалымның қазақ тілінің табиғаты мен ерекшелігіне сәйкес жазылған ғылыми зерттеулері басшылыққа алынған.

Ал қазақ тілінің термин жасау принциптерін жүйелеп көрсеткен бағдарламасы мен құнды пікірлері қазақ терминологиясының өзекті ғылыми-практикалық мәселелерін анықтайды.

Ә.Қайдардың қазақ лексикографиясын дамытқан еңбектерінің маңызы да ерекше: «Ұй-ғырша-орысша лингвистикалық қос сөздік», «Қазақша-орысша бір буынды түбірлер сөздігі» (1986), «Уйгурско-русский словарь» (1961), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (авт.бірі) (1966), «Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями» (Астана, 2003), «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» (Алматы: Тоғанай Т., 2004), «Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік» (2013) және «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты 3 томдық этнолингвистикалық сөздігі (2009-2013) т.б.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай қызметін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстардың қалыптасуына академик Ә.Қайдардың тіл маманы, қоғам қайраткері, тұғыры биік азамат ретінде атсалысқаны қалың жұртшылыққа белгілі. Осы жалпы-халықтық әрекеттің басы-қасында болған академик Ә.Қайдар Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрып, оның президенті ретінде республикада дұрыс тіл саясатының қалыптасуына, тіл экологиясына байланысты көптеген көкейтесті мәселелерді көтерді.

Сайып келгенде, академик Ә.Т. Қайдардың ғалымдық-тұлғалық болмысын құрайтын негізгі арқау – қазақ сөзінің қазіргі заман ағымына сәйкес қоғамдық-әлеуметтік белсенділігі арқылы жаһандану қарқынына төтеп бере алатын және елдік сана рухын жаңа деңгейде жаңғыртатын әлеуеті.

Осыған сәйкес, жаңа рухани сана жаңғыруына жол ашатын арнаның бірі ретінде латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуы туралы ең алғаш мәселе көтеріп, ҚР Президентіне жазған ғалымның ашық хаты (1993 ж), елбасының ұсынысын қолдап, «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Сабырлы саясаттың салиқалы шешімі» атты мақаласы (2006 ж), рухани жаңғыру бағдарлама жүзеге асырудың тетігі ретінде латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты «Зор толғаныстан туған игілікті шешім» (2017 ж.) сияқты мақалалары қазіргі таңдағы көкейтесті мәселелерге үн қосып отыр.

Осы бағытта Ұстаз, Тұлға, Ғалым жолын жалғастыру – қазіргі қоғамдағы ана тілінің кешенді қызметін, қазақ сөзінің қоғамдық-әлеуметтік белсенділігін жандандырып, жаңғыртуға бағдар боларлық парыз.

#### **Академик Ә.Т. Қайдардың негізгі еңбектері**

Развитие современного уйгурского литературного языка. – Алма-Ата: Наука, 1969. Ч.1. – 359 с.

Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – 328 с.

Тюркская этимология: проблемы и задачи // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Наука, 1990. – С. 5-25.

Кемел елге кемел әліппи керек (ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевқа ашық хат) // Ана тілі, 1993, 30 желтоқсан.

Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл және әдебиет сериясы, 1993. – №1,2.

Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 308 б.

Қайдар Ә., Айтбаев Ө. Тіл майданы. – Алматы: Арыс, 2000. 319 б.

Тысяча метких и образных выражений (казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями). – Астана: Білге, 2003. 368 с.

Түркітануға кіріспе (М.Оразовпен бірге). – Алматы: Арыс, 2004. 360 б.

Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т., 2004. – 559 б.

Қаңлы (тарихи шежіре). – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 610 б.

Қазақ қандай халық? – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 652 б.

Қазақтар ана тілі әлемінде (Этнолингвистикалық сөздік).Т1. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 784б.

Зор толғаныстан туған игілікті шешім // Нұрсұлтан Назарбаев – Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017. – 141-145 б.



**Main legacy of Academic A.T.Khaydar**

- Razvitie sovremennogo ujugurskogo literaturnogo yazyka. – Alma-Ata: Nauka, 1969. CH.1. – 359 s.
- Struktura odnoslozhnyh kornej i osnov v kazahskom yazyke. – Alma-Ata: Nauka, 1986. 328 s.
- Tyurkeskaya etimologiya: problemy i zadachi // Problemy etimologii tyurkskih yazykov. – Alma-Ata: Nauka, 1990. – S. 5-25.
- Kemel elge kemel əlippi kerek (QR Prezidenti N.Ə.Nazarbaevka ashık hat) // Ana tili, 1993, 30 zheltoksan.
- Qazaq tili terminologiyasyna zhanasha kyožkaras // QR YFA habarlary. Til zhane adebiet seriyasy, 1993. №1,2.
- Qazaq tilinin ozekti maseleleri. – Almaty: Ana tili, 1998. – 308 b.
- Kajdar Ə., Ajtbaev Ə. Til majdany. – Almaty: Arys, 2000. – 319 b.
- Tsytyacha metkih i obraznyh vyrazhenii (kazahsko-russkij frazeologicheskiy slovar' s etnolingvisticheskimy poyasneniyami). – Astana: Bilge, 2003. – 368 s.
- Tyrkitanura kirispe (M.Orazovpen birge). – Almaty: Arys, 2004. 360 b.
- Halyq danalygy (qazaq maqal-matelderiniy tysindirime sozdigi zhane zertteu). – Almaty: Toganaj T., 2004. – 559 b.
- Qanly (tarihi shezhire). – Almaty: Dajk-Press, 2004. – 610 b.
- Qazakqandaj halyq? – Almaty: Dajk-Press, 2008. – 652 b.
- Qazaqtar ana tili əleminde (Etnolingvistikalıyq sozdik). T.1.– Almaty: Dajk-Press, 2009. 784b.
- Zor tolganystan tугan igilikti sheshim // Nursultan Nazarbaev – Bolashaqqa bagdar: ruhani zhangyru. – Astana, 2017. – 141-145 b.

---

---

## PUBLICATION ETHICS

### **For authors:**

Submission of articles to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish articles in the journal and the re-publication of it in any foreign language. Submitting the text of the work for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about himself, the lack of plagiarism and other forms of improper borrowing in the article, the proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, illustrations.

The author(s) should provide a cover letter with the article to the journal editors.

Requirements for provided articles.

The article

- must be issued according to the requirements of the editorial board;
  - at the time of sending the article should not be published or be pending in another edition;
  - must contain original research results;
  - must include the results only of the author work / team of authors (the inclusion of other persons is unacceptable);
- It is assumed that at the time of sending the article, all authors agree with the publication in this journal and do not object to the order of indication of the authors in the article;
- should include in the list of citations only those peer-reviewed sources that were actually used in the course of the study;
  - should indicate all sources used (including the work of the author / team of authors).

### **For reviewers:**

- all articles received for review must be viewed as a confidential document. A peer reviewer has no right to use unpublished article materials in his own research. The reviewer may send material to third parties only with the permission of the editor-in-chief;
- according to the journal review policy, the journal uses a one-sided "blind" review procedure, when the authors' data are known to the reviewer. In this connection, the object of reviewing should be the results of the obtained research, and not the author/team of authors. Expert opinion should not depend on the gender, nationality, religion and other personal qualities of the author / team of authors;
- the reviewer needs to submit an objective work assessment to the editor, if necessary, suggest options for improving the submitted material;
- the reviewer must refuse to review the material, notifying the editor if he/she is not a specialist in the subject matter of the material;

### **For editors:**

Editor-in-Chief and members of the editorial board undertake

- pay special attention to the qualitative composition of articles;
- in determining who is responsible for the article, make his reasoned decision by agreement (or disagreement) with the reviewers' decisions on the article;
- participate in meetings of the journal editorial board, make decisions on determining the content of journal issues.

Editor-in-Chief;

- identifies two reviewers who are not members of the journal editorial board (scientists or specialists in relevant topics) for each article that has passed the initial review for compliance with technical requirements;
- on the basis of peer-reviews and the conclusion of the responsible member of the editorial board, makes the final decision on the publication of the received material. The decision of the editor-in-chief is brought up for discussion by the editorial board;
- In his/her decision, the Editor-in-Chief is guided solely by scientific considerations and compliance with publishing standards. The decision of the Editor-in-Chief and the editorial board should not depend on the gender, nationality, religion and other personal qualities of the author/team of authors;

### Open Access Policy

The journal 's articles are directly accessible to all, based on the principle that free open access to research results

---

---

increases universal knowledge.

## ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ

### Авторлар үшін:

Автордың қолжазбаны редакцияға жіберуі мақаланың «Turkic Studies Journal» журналында басылуына, шетел тіліне аударылып қайта басылуына келісімін білдіреді. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы автор туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің (мәтін, кесте, диаграмма, безендірудің барлық сызбалары заңды түрде тіркелгендігіне) жоқтығына кепілдеме береді.

Жіберілген қолжазбаға қойылатын талаптар.

Қолжазба:

- редакция талаптарына сәйкес рәсімделген болуы қажет;
- басқа басылымда жарияланбаған және жариялауға жіберілмеген болуы керек;
- оригиналды зерттеу нәтижелерін қамтуы қажет;
- автордың/авторлар тобының ғана зерттеу нәтижелерін қамтуы қажет;
- баспаға қолжазбаның жіберілуі автор/авторлардың мақаланың жіберілуімен таныстығын, қолжазбада көрсетілген авторлардың кезегіне қарсы еместігін білдіреді;
- әдебиеттер тізіміне тек зерттеу барысында пайдаланылған әдебиеттер енгізіледі;
- қолданылған барлық әдебиеттер тізімі (автордың/авторлар тобының еңбектерімен қоса) мақалада көрсетілуі қажет.

### Рецензенттер үшін:

- рецензияға түскен әрбір мақала құпия құжат ретінде қарастырылады. Рецензент өзінің жазбаларында жіберілген мақаланың қандай да бір материалдарын пайдалана алмайды. Рецензент қолжазба материалдарды бас редактордың рұқсатымен ғана үшінші тұлғаға жіберуі мүмкін;
- журналдың біржақты анонимді рецензиялау саясатына орай, қолжазба авторы туралы деректер рецензентке мәлім болады. Осыған байланысты, рецензия объектісі қолжазба авторы/авторлар тобы емес, қолжазбада алынған нәтижелер болып табылады. Рецензент шешімі автордың/авторлар тобының гендерлік, ұлттық, діни және басқа жеке қасиеттеріне тәуелсіз болуы қажет;
- рецензент редакцияға объективті түрде бағаланған қолжазбаға берілген пікірді және, қажет болған жағдайда, мақаланы жетілдіру ұсыныстарын беруі қажет;
- рецензент зерттеу тақырыбының маманы болмаса, редакторды хабардар етіп, материалға пікір беруден бас тартуы қажет;

### Редакторлар үшін:

Бас редактор және редакция алқасы мүшелерінің міндеттері:

- жарияланатын мақалалардың сапасына ерекше көңіл бөлу;
- редакция алқасы құрамынан мақалаға жауапты болып тағайындалған жағдайда рецензенттер пікірімен келісетіндігін (немесе келіспейтіндігін) нақты дәлелдермен негіздеу;
- редакция алқасының отырыстарына қатысу, журнал мазмұнын анықтайтын шешім қабылдауда өз пікірін білдіру.

### Бас редактор:

- техникалық талаптарға сәйкестікке тексерілген әрбір мақалаға журналдың редакция алқасы құрамына кірмейтін екі рецензент және редакция алқасынан мақалаға жауапты бір маман тағайындайды;
- рецензенттердің пікірлері мен редакция алқасының жауапты мүшесінің қорытынды пікірі бойынша қолжазбаны жариялау туралы қорытынды шешім қабылдайды. Бас редактордың шешімі редакция алқасы отырысында талқыланады;
- бас редактор шешім қабылдауда тек мақаланың баспа стандарттарына сәйкестігі мен онда алынған ғылыми нәтижелерді басшылыққа алады. Бас редактордың және редакция алқасының шешімі автордың/авторлар тобының гендерлік, ұлттық, діни және басқа жеке қасиеттеріне байланысты болмауы керек.

### Ашық қолжетімділік саясаты

Зерттеу нәтижелерінің ерікті түрдегі ашық қолжетімділігі принципіне негізделген журнал мақалаларының баршаға бірдей қолжетімді болуы әмбебап білімді молайтуға қызмет етеді.

---

---

## INFORMATION FOR AUTHORS

1. In order to having published an article to the journal, it is mandatory to send the report text to email [turkicjournal@gmail.com](mailto:turkicjournal@gmail.com) address of the organizational committee.

**Language of publishing: Kazakh, Russian, English**

2. Submission of articles to the scientific publication office means the authors' consent to the right of the Publisher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, to publish articles in the journal and the re-publication of it in any foreign language. Submitting the text of the work for publication in the journal, the author guarantees the correctness of all information about himself, the lack of plagiarism and other forms of improper borrowing in the article, the proper formulation of all borrowings of text, tables, diagrams, illustrations.

3. **Length** – 7-15 pages.

4. Scheme of articles construction:

- article title should written in capital letters, center alignment;
- on the next line (bold italic type, right alignment) – Full name of the article's author;
- on the next line (italic type, right alignment) – academic status, academic degree, name of higher institution, city or job position, work place, city (clipping is not allowed);
- on the next line (italic type, right alignment) – E-mail for contacts;
- abstract – optimum size is 150 words. Abstract is written in English and is given before the main text;
- keywords – 5-10 words. Keywords separate from each other a point from a comma;
- article title, full name of the article's author, academic status, academic degree, abstract, keywords should be given in 2 languages (English and on the article's language);
- for typing, formulae and charts Microsoft Word editor should be used for Windows. Text editor options: all field for 2 cm; Times New Roman font, font size is 12; interline interval is 1,15; full justification; indenture 1 cm; portrait page orientation;
- references in the text on the relevant source from the list of references are made out in square brackets, for example: [1, page 277]. Using of automatic paginal references is not allowed. The list of references has to contain not less than 20 sources. The font of the list is Times New Roman of 10 points, the first line of the paragraph with a ledge of 0.5 cm, alignment on width with transfers;
- requirements extend to writing personalia, reviews and referee reports.

### Example of a references design :

1. Аксартов Р. М., Айзиков М. И., Расулова С. А. Метод количественного определения леукомизина // Вестн. КазНУ. Сер.хим – 2003. –Т. 1. No 8. – С. 40-41.
2. Абимильдина С. Т., Сыдыкова Г. Е., Оразбаева Л. А. Функционирование и развитие инфраструктуры сахарного производства // Инновация в аграрном секторе Казахстана: Матер. Междунар. конф., Вена, Австрия, 2009. – Алматы, 2010. – С. 10-13.
3. Курмуков А. А. Ангиопротекторная и гипополипидемическая активность леукомизина. – Алматы: Бастау, 2007. – С. 3-5.
4. Соколовский Д. В. Теория синтеза самоустанавливающихся кулачковых механизмов приводов [Электрон. ресурс]. – 2006. – URL: [http://bookchamber.kz/stst\\_2006.htm](http://bookchamber.kz/stst_2006.htm) (дата обращения: 12.03.2009)
5. Петушкова, Г.И. Проектирование костюма : учеб. для вузов / Г.И. Петушкова. – М.: Академия, 2004. – 416 с.

### АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР

1. Мақаланы журналға жариялау үшін ұйымдастыру комитетінің e-mail: [turkicstudies@gmail.com](mailto:turkicstudies@gmail.com) электрондық мекен-жайына жіберу қажет.

**Жарияланым тілі:** қазақ, орыс, ағылшын

2. Автордың қолжазбаны редакцияға жіберуі оның мақаласын қандай да болмасын шет тілінде журналда жариялау және қайта жариялау үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне өз құқығын білдіреді. Автор мақаланы редакцияға жіберу арқылы автор туралы мәліметтің дұрыстығына, мақала көшірілмегендігіне (плагиаттың жоқтығына) және басқа да заңсыз көшірмелердің (мәтін, кесте, диаграмма, безендірудің барлық сызбалары заңды түрде тіркелгендігіне) жоқтығына кепілдеме береді.

3. Көлемі – 7-15 бет.

4. Мақалаларды әзірлеу тәртібі:

- мақаланың атауы бас әріппен, жолдың тура ортасына жазылады;
- аңдатпа ағылшын тілінде жазылады және негізгі мәтіннің алдында беріледі (көлемі 150 сөз);
- келесі жолда (қалың курсив, оң жақ шеті бойынша теңестіріледі) – мақала авторының аты-жөні толық жазылады;

- 
- 
- келесі жолда (курсивпен теріліп, оң жақ шеті бойынша теңестіріледі) – ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, ЖОО атауы, қаласы немесе лауазымы, жұмыс орны, қаласы (қысқартуларға жол берілмейді);
  - келесі жолда (курсивпен, оң жақ шеті бойынша көрсетіледі) – байланыстар үшін E-mail көрсетіледі;
  - кілт сөздер – 5-10 сөз. Кілт сөздер бір-бірінен үтірмен бөлінеді;
  - мақаланың атауы, автордың аты-жөні, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі екі тілде беріледі (ағылшынша және мақаланың тілінде);
  - мәтінді, формулаларды және кестелерді теру үшін Windows-ке арналған Microsoft Word редакторын пайдалану керек. Мәтін редакторының параметрлері: барлық шеті 2 см; Times New Roman қарпі, өлшемі – 12; жоларалық интервал – 1,15; ені бойынша теңестіріледі; абзацтық шегініс 1 см; беттің кескіні - кітап;
  - мәтіндегі әдебиеттер тізімінен тиісті дереккөзге сілтемелер шаршы жақшада ресімделеді, мысалы: [1, 277 б.]. Беттен кейінгі автоматты сілтемелерді пайдалануға жол берілмейді. Тізімнің қарпі – Times New Roman кегль 10, абзацтық шегініс 0,5 см. Әдебиеттер тізімі 20-дан кем болмауы керек;
  - талаптар шолулар, пікірлер мен есімнамалар жазуға қолданылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу мысалдары**

1. Аксартов Р. М., Айзиков М. И., Расулова С. А. Метод количественного определения леукомизина // Вестн. КазНУ. Сер. хим – 2003. – Т. 1. № 8. – С. 40-41.
2. Абимурдына С. Т., Сыдыкова Г. Е., Оразбаева Л. А. Функционирование и развитие инфраструктуры сахарного производства // Инновация в аграрном секторе Казахстана: Матер. Междунар. конф., Вена, Австрия, 2009. – Алматы, 2010. – С. 10-13.
3. Курмуков А. А. Ангиопротекторная и гипополипидемическая активность леукомизина. – Алматы: Бастау, 2007. – С. 3-5.
4. Соколовский Д. В. Теория синтеза самоустанавливающихся кулачковых механизмов приводов [Электрон. ресурс]. – 2006. – URL: [http://bookchamber.kz/stst\\_2006.htm](http://bookchamber.kz/stst_2006.htm) (дата обращения: 12.03.2009)
5. Петушкова, Г.И. Проектирование костюма : учеб. для вузов / Г.И. Петушкова. – М.: Академия, 2004. – 416 с.

---

---

**TURKIC STUDIES JOURNAL**  
2019 - № 1 (1) - Нұр-Сұлтан: ЕҰУ.-114с.  
Басуға жіберілді 30.09.19.  
Тираж - 50 дана.

Техникалық хатшы: Идрисова Г.А.  
Редакцияның мекенжайы:  
010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2.  
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-434)  
E-mail: turkicjournal@gmail.com, web-site: tsj.enu.kz

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар  
министрлігінде тіркелген.  
28.03.19 ж. № 17636-Ж - тіркеу куәлігі